

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының ата-аналар жиналысының

Хаттамасы

Ақтөбе қаласы

№1

01.10.2025 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай-балабақша басшысы А.Ж.Уркимбаева, әдіскер А.Е.

Әбдрахманова, медбике М.Қ. Мадешова, педагогтар, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының ұйымдық басталуы:

- ішкі тәртіп ережемен таныстыру;

- ата-аналармен жасалған келісім шартты талқылау;

2. Оқу жылының оқу кестесімен, бұйрықпен таныстыру

3. Балалардың тазалығы, «Екпе туралы», «Желшешек», «Жедел ішек аурулары», «тұмаудың алдын алу» кеңес беру

4. Тәрбиешілердің тренингтері

5. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды: Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылына әзірлеу бойынша жұмыстар мәлімет берді: жылдық жоспар, ұйымдастырылған әрекеттерінің кестелерін, жас ерекшеліктеріне байланысты топтардың күн тәртібін дайындалды. Ата-ана мен балабақша арасындағы келісім шартпен таныстырып, оның пунктері атап өтілді. Ата-аналарға Ваучерлік қаржыландыру туралы ақпарат берілді. Әр айдың соғында табельді Face Id-мен растап отыруларын ескертті. Педагогтар туралы мәліметпен таныстырылды. 27 педагог, оның ішінде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мамандығымен 17 педагог-70% құрайды.

06.10.2025 жылға құрылған топтар бойынша жалпы саны 294 тәрбиеленушілер. 12 топ

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары үшін жасалған Ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды: мекеменің күн тәртібімен, келу және кеті тәртібімен, оның ішінде таңертең қабылдау және кешкі қоштасу кезінде балаға қолайлы микроклимат құру үшін ата-ана мен тәрбиеші баланың қажеттіліктеріне қатысты қажетті ақпаратпен алмасуға уақыт табылады, баланы балабақшаға қабылдау баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамаға дейін қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі.

Екінші сұрағы бойынша әдіскер А.Е. Әбдрахманова топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, баланың дамуы бойынша жаңа мемлекеттік стандартымен, оқу жоспарымен, бағдарламамен таныстырды: тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ісшаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Үшінші сұрақ бойынша медбике М.Қ. Мадешова балабақшаға баланың гигиеналық шараларға сай келуін қадағалауды сұрады.

Қазіргі уақытта «Желшешек», «жедел ішек аурулары», «Тұмау» ауаға тараған уақытта алдын алу шараларын көрсетіп өтті.

Төртінші сұрақ бойынша топ тәрбиешілері әр түрлі қызықты тренингтер өткізіп, ата-аналармен жақын қарым-қатынас орнатты.

Бесінші сұрақ бойынша ата-аналар балалар үшін қол моторикасын дамытуға арналған кабинет ашылуын сұрады. Және бала денсаулығы үшін тұз шахтасын ұйымдастыру ұсынылды.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге, тәрбиелеу -білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін барлық қызметкерлердің, педагогтардың жауапкершілігін арттыру.
2. Бөбекжай-балабақшасының ата-аналары білім беру процесінің қатысушылары болуға мүмкіндік беру; ата-аналар үйде баланың толық дамуына жағдай жасау үшін консультациялық көмек беру
3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қағидаларында қойылатын негізгі талаптарын уақытында орындалсын.
4. Балабақша аумағында қол моторикасына- «Робототехника» және «Тұз терапиясы» кабинеттері ұйымдастырылсын. Шығармашылық тобының құрамына педагогтар, ата-аналар, қамқоршылық кеңестің мүшелері кіргізілісн.
5. Бөбекжай-балабақшадағы ұйымдастыру мәселелі жүйелі жүргізу жалғастырылсын.

Жиналыстың төрайымы: _____

Жиналыстың хатшысы: _____



А.Ж.Уркимбаева

А.Е.Әбдрахманова